

## ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНК ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

Осы Электрондық банк қызметтерін көрсету туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен, Онлайн-платформа, «ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкінг арқылы электрондық банк қызметтерін көрсетуіне байланысты «ForteBank» АҚ БСН 990740000683 (бұдан әрі – Банк) мен Пайдаланушы арасындағы қатынасы реттеледі.

Осы Келісім қосылу шарты болып табылады және Банк Пайдаланушыдан Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Қосылу туралы өтінішті қабылдаған күннен бастап бекітілген болып есептеледі.

Пайдаланушы Өтінішке қол қоя отырып, Келісімді толығымен оқығанын, түсінгенін және қандай да бір ескертусіз және қарсылықсыз онымен келісетінін растайды және Келісімнің талаптарын уақытында және толық көлемде орындауға міндеттенеді.

Пайдаланушы Онлайн-платформаны, «ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкінгін тек «сол қалпында» талаптарында пайдалану мүмкін екендігін, яғни Пайдаланушының еркі бойынша техникалық жағынан өзгерту мүмкін емес Банктің кез келген уақытта ұсынған функционал кешеніне, ақпараттық толтырылуына, интерфейсіне, дизайнына, өзге құрауыштары мен пайдалану талаптарына сәйкес мүмкін екенін түсінеді және онымен келіседі.

Келісім Банктің <https://business.forte.kz/> ресми интернет-сайтында жарияланды.

### Келісімнің мәтіні бойынша пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар мынадай мағынаға ие:

- 1) Авторизация** - Пайдаланушыға Онлайн-платформада, «ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкінгінде белгілі бір әрекеттерді орындауға құқық беру, сондай-ақ Банктің Онлайн-платформасын немесе «ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкінгін пайдалану кезінде аталған құқықтарды тексеру (растау) процесі;
- 2) Аутентификация** - Банк белгілеген Қауіпсіздік рәсімінің талаптарына сәйкес электрондық құжаттың түпнұсқалығын және дұрыс жасалуын растау;
- 3) Биометриялық сәйкестендіру** – Пайдаланушының физиологиялық және биологиялық ерекшеліктері негізінде оның электрондық банк қызметтерін алуға құқықтарын бірмәнді растау мақсатында Пайдаланушының жеке басын анықтау рәсімі.
- 4) Верификация** - Пайдаланушының Онлайн-платформада және/немесе «ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкінгінде тіркелу кезінде көрсеткен мобильді телефон нөміріне жіберілген растау кодын Онлайн-платформада және/немесе «ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкінгінде қолдану арқылы электрондық банк қызметтерін алу мақсатында мобильді телефон нөмірін растауға бағытталған Пайдаланушының іс-қимылдар кешені;
- 5) Сәйкестендіру құралдары** – Пайдаланушының электрондық цифрлық қолтаңбасы немесе әріптер, сандар немесе символдар комбинациясынан тұратын бірегей сәйкестендіргіш немесе Онлайн-платформада және/немесе «ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкінгінде электрондық құжаттарға қол қоюға арналған өзге сәйкестендіргіш (дербес құпиясөз, бір реттік (біржолғы) сәйкестендіру коды (SMS-код), биометриялық сәйкестендіру құралдары, «ForteOTP» мобильді OTP токени). Пайдаланушының сәйкестендіру құралын қолдануы Пайдаланушының электрондық құжатпен, оның ішінде Онлайн-платформада және/немесе «ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкінгінде жасалатын электрондық түрдегі шартпен танысу және/немесе оған қол қою фактісін куәландырады;
- 6) Сәйкестендіру** - Онлайн-платформада және/немесе «ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкінгінде электрондық банк қызметтерін алу құқығын бірмәнді растау мақсатында Пайдаланушының жеке басын анықтау рәсімі;
- 7) Интернет-эквайринг** – электрондық коммерцияның құрамдас бөлігі ретінде төлем карточкасын пайдалана отырып, сонымен қатар мобильді құрылғыларды пайдалана отырып, интернет желісінде жүргізілген операциялар бойынша тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді төлеуге мүмкіндік беретін Эквайер банктің қызметі;
- 8) Байланыс арналары** - Пайдаланушы мен Банк арасында ақпаратты Банк белгілейтін тәртіпте және талаптарда пайдаланылатын электрондық пошта (email), пошта байланысы, Банктің

<https://business.forte.kz/> ресми интернет-ресурсы, мобильді және интернет банкингі, SMS-хабарламалар, телефондар, факс, банкомат, төлем терминалдары, POS-терминалдар, электронды терминалдар және т. б. арқылы беру құралдары;

- 9) **Растау коды (SMS-код)** - Пайдаланушының сұрау салуы бойынша Банктің бағдарламалық-техникалық құралдарымен жасалатын және Пайдаланушыға электрондық банк қызметтеріне өту мүмкіндігін беру кезінде бір рет пайдалануға және Онлайн-платформада және/немесе «ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкінгіде электрондық құжаттарға қол қоюға арналған, бірегей жүйелі электрондық цифрлық белгілерден тұратын, қолданылу уақыты бойынша шектелген бір реттік (біржолғы) код, ол Пайдаланушының мобильді телефон нөміріне жіберіледі;
- 10) **Кредит** – Банк Пайдаланушыға Банктік қарыз туралы шарт талаптарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мерзімділік, ақылылық, қайтарымдылық талаптарында (ал жекелеген жағдайларда - қамтамасыз ету және нысаналы мақсаты бойынша пайдалану талаптарында) ұсынатын банктік қарыз (оның ішінде кредит желісі);
- 11) **«ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкінгі (Мобильді интернет-банкінгі)** - Пайдаланушының жеке кабинетінде мобильді телефон немесе мобильді қосымшаны және интернетке қолжетімділікті ұстап тұратын өзге құрылғы арқылы қашықтан қол жеткізу жүйесіне кіруге және электрондық банк қызметтерін алуға арналған бағдарламалық жасақтама;
- 12) **«ForteОТР» мобильді ОTR токени** – Мобильді интернет-банкінгіде Пайдаланушыға электрондық банк қызметтеріне өту рұқсатын беру кезінде пайдалануға арналған бір реттік (біржолғы) сәйкестендіру кодын қалыптастыратын/жасайтын мобильді қосымша;
- 13) **Онлайн платформа** - қашықтан қол жеткізу жүйесі - электрондық банк қызметтерін алу үшін Пайдаланушы мен Банк арасындағы байланысты қамтамасыз ететін телекоммуникациялар, цифрлық ақпараттық технологиялар, бағдарламалық жасақтама құралдарының және жабдықтардың жиынтығы;
- 14) **Құпиясөз** - Пайдаланушыға берілген Логинмен байланысты, Пайдаланушы жасайтын және Пайдаланушыны сәйкестендіру үшін пайдаланылатын әліпбилік-цифрлық және өзге символдар қатары;
- 15) **Жылдам кіруге арналған ДСН-коды** - құпия сандар жиынтығы, оның көмегімен Пайдаланушы Мобильді интернет-банкінгіне кіре алады;
- 16) **Пайдаланушы** – Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет-банкінг арқылы электрондық банк қызметтерін алушы - заңды тұлға, жеке кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор, шаруа немесе фермер қожалығы, Пайдаланушының уәкілетті тұлғасы;
- 17) **Қауіпсіздік рәсімі** – Пайдаланушының электрондық банк қызметтерін алуға құқығын белгілеу және берілетін және алынатын электрондық хабарлардың мазмұнындағы қателерді және/немесе өзгерістерді анықтау мақсатында электрондық хабарламаларды жасау, беру және алу кезінде Пайдаланушыны сәйкестендіруге арналған ұйымдастыру шараларының және ақпаратты қорғаудың бағдарламалы-техникалық құралдарының кешені;
- 18) **Тарифтер** - банк қызметтерін көрсеткені үшін белгіленген төлем мөлшері;
- 19) **Сауда эквайрингі** – POS-терминалдардың нақты құрылғылары, онлайн кассаларға орнатылған терминалдар, мобильді құрылғылар және т.б. арқылы тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін төлем ретінде төлем карточкаларын қабылдауға мүмкіндік беретін Эквайер банк қызметі;
- 20) **Электронды-цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ)** - ЭЦҚ құралдарымен жасалған және сәйкестендіру құралы болып табылатын электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электронды цифрлық символдар жиынтығы;
- 21) **Электрондық банк қызметтері** - төлем қызметтерін және ақпараттық банк қызметтерін алу үшін Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет-банкінг арқылы Пайдаланушының өзінің банктік шотына қол жеткізуіне байланысты көрсетілетін қызметтер;
- 22) **FaceID** – Пайдаланушы бет-әлпетінің көлемді - кеңістіктік нысандағы сканері, оның көмегімен құрылығын қауіпсіз бұғаттан шығаруға, Мобильді интернет-банкінгіне кіруге болады;
- 23) **FortePOS** – Пайдаланушыға, сондай-ақ Пайдаланушының қызметкерлеріне сертификатталған TapToPhone (VISA) және TapOnPhone (MasterCard) технологиялары негізінде төлем карточкаларын пайдалана отырып сатылған тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін жанасусыз төлемдерді қабылдау/қайтару мүмкіндігін беретін, мобильді құрылғыларға арналған бағдарламалық жасақтама;
- 24) **POS-терминал** – электронды-механикалық құрылғы, ол арқылы төлем карточкаларын пайдалана отырып және Банктің ақпараттық жүйесіне қосыла отырып, тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін, сонымен қатар POS-терминал орнатылған Банкке төлем, сондай-ақ қолма-қол ақша беру жүзеге асырылады;

- 25) Push-хабарламалар** - Банк Пайдаланушыларға Мобильді интернет-банкингінде жіберетін қысқаша қалқымалы хабарламалар;
- 26) SMS-хабарлама** – Пайдаланушы Банкке немесе Банк Пайдаланушыға мобильді байланыс операторы арқылы беретін, белгіленген форматтағы қысқа мәтіндік хабарлама;
- 27) TouchID** - Пайдаланушыны саусағының ізі бойынша сәйкестендіру жүйесі, оның көмегімен құрылығын қауіпсіз бұғаттан шығаруға, Мобильді интернет-банкингіне кіруге болады;

Келісім мәтінінде қолданылатын өзге ерекше терминдер мен белгілер, Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген мәнге сәйкес пайдаланылады.

## 1. Келісімнің мәні

1.1. Банк осы Келісім шегінде және талаптарында Пайдаланушыға электрондық банк қызметтерін Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет-банкинг арқылы, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен ұсынуға міндеттенеді, ал Пайдаланушы бұл қызметтерді (қажет болса) Банк көпшілік назарына Банк филиалдарының/бөлімшелерінің көпшілікке қолжетімді орындарында және Банктің <https://business.forte.kz//> ресми сайтында жариялайтын тарифтері бойынша төлеуге міндеттенеді.

1.2. Банк Қауіпсіздік рәсімдерінің талаптарына сәйкес электрондық банк қызметтерін ұсынады.

1.3. Пайдаланушының Банк алдында Келісім бойынша орындалмаған міндеттемелері болмаған жағдайда, Келісімді бұзудың болжамды күніне 30 (отыз) күнтізбелік күн қалғанда Банктің жақын жерде орналасқан бөлімшесіне жүгіну арқылы бір жақты тәртіпте Келісімнен бас тартуға құқылы.

1.4. Келісімді бұзу Тараптардың өзара шешімі бойынша немесе Тараптардың бірі Келісімнің талаптарын бұзған жағдайда біржақты тәртіпте мүмкін болады.

1.5. Келісімнің қолданысы мынадай жағдайларда тоқтатылады:

- 1) Келісімде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте;
- 2) егер Пайдаланушы жүргізген операцияларды зерттеу барысында Банктің олар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалып жатқандығы туралы күмәні болса;
- 3) Терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде Пайдаланушы туралы мәліметтер болса;
- 4) егер бұл операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы/қатысушысы халықаралық ұйым немесе шетел мемлекеті ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландырудың айтарлықтай қаупі бар деп белгілеген елде тіркелген/жүрген тұлға болса немесе бұл операцияны/мәмілені орындауда мұндай тұлға қатысатын болса;
- 5) егер Банк Келісімнің талаптары, жария болып табылатын Банктің және корреспондент банктің ішкі рәсімдері мен талаптары талаптары бұзылады деп ұйғарған жағдайда, сондай-ақ қолданысы Банкке және (немесе) Пайдаланушыға қолданылатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкциялар бар болса.

## 2. Электрондық банк қызметтерінің тізбесі

2.1. Банк Пайдаланушыға Банктің мынадай қызметтерін төмендегі жүйе арқылы қашықтан пайдалануына мүмкіндік береді:

- Онлайн-платформа арқылы:

1. банктік (ағымдағы) шотты ашу;
2. Кредит алуға өтінім беру;
3. ағымдағы шотқа Кредит беру;
4. банктік қарыз шарты бойынша өтеу кестесі туралы ақпарат беру;
5. анықтамаларды алу;
5. POS-терминал/FortePOS арқылы Сауда эквайрингіне қосылу;
6. төлем ұйымдарын қоспағанда, Интернет-эквайрингіне қосылу;

- Мобильді интернет-банкинг арқылы:

1. банктік (ағымдағы) шотты ашу;
2. төлем карточкасын шығару/қызмет көрсету;
3. ұлттық және шетел валюталарында аударым операцияларын жүргізу;
4. айырбастау/ForteX;
5. банктік (жинақ) шотты ашу және салымды орналастыру;
6. Кредитті ресімдеу және беру;
7. анықтамаларды алу;
8. POS-терминал/FortePOS арқылы Сауда эквайрингіне қосылу.

\* Осы бөлімде көрсетілген қызметтер тізбесі толық әрі соңғы емес және Банк оны Онлайн-платформаның және/немесе Мобильді интернет-банкингінің дамуына қарай біржақты тәртіпте толықтыра/өзгерте алады, бұл туралы Банк Пайдаланушыға Банктің <https://business.forte.kz/> ресми сайтында тиісті ақпараттық хабарлама орналастыру арқылы хабарлайды.

### 3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

#### 3.1. Банк міндетті:

- 1) Осы Келісімде және Банктің қауіпсіздік рәсімдерінде қарастырылған тәртіпте Пайдаланушының Онлайн-платформада және/немесе Мобильді интернет-банкингінде Сәйкестендіру/Аутентификация/Авторизациядан өтуін қамтамасыз етуге;
- 2) Осы Келісімде және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте электрондық банк қызметтерін ұсынуға;
- 3) Пайдаланушыға электрондық банк қызметтеріне өтуін тоқтатуы және пайдалануға кедергі келтіруі мүмкін Онлайн-платформада және/немесе Мобильді интернет-банкингінде жүргізіліп жатқан техникалық жұмыстары туралы және жүргізіліп жатқан жұмыстардың аяқталу мерзімін көрсете, сондай-ақ, Мобильді интернет-банкингінде Push-хабарламаларды жібере отырып, ақпараттық хабарламаны <https://business.forte.kz/> сайтында орналастыру арқылы хабарлауға;
- 4) Пайдаланушы Келісім талаптарын және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтаған жағдайда, Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет-банкинг арқылы дайындалатын және жіберілетін Пайдаланушы құжаттарын/нұсқауларын орындауға;

Банк Пайдаланушының операциялары бойынша банктік құпияның сақталуы үшін жауапкершілік көтереді. Аталған операциялар бойынша ақпарат Пайдаланушымен жасалған Келісімде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ғана жарияланады.

#### 3.2. Банк құқылы:

- 1) Пайдаланушы операциясын жүргізуді мынадай жағдайларда тоқтата тұруға және/немесе одан бас тартуға:
  - Пайдаланушыны сәйкестендіру/аутентификациялау/авторизация жүргізу бойынша шаралар қолдану мүмкін болмағанда;
  - егер сәйкестендіру/аутентификация/авторизация рәсімінің нәтижелері бойынша Пайдаланушының оның кез келген бөлігінде жалған ақпаратты ұсынуы және/немесе Пайдаланушы іс-әрекеттерінің және/немесе белгілерінің заңнамада, Банктің ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі анықталса. Бұл ретте Пайдаланушының дербес деректерді жинау, өңдеу, сақтау және беру тәртібімен, талаптарымен келісуі Банктің Пайдаланушыға электрондық банк қызметтерін ұсырудан бас тартуына қарамастан жарамды болып қалады;
  - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа жағдайларда;
- 2) Келісімде және Пайдаланушы мен Банк арасында жасалған өзге де шарттарда көзделген жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында, сонымен қатар «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚ туралы заң) көзделген жағдайларда клиенттің шоты бойынша операцияларды тоқтата тұруға және/немесе жүргізуден бас тартуға, атап айтқанда:
  - егер Пайдаланушы жүргізген операцияларды зерттеу барысында олар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында жүзеге асырылады деген күдік болса;
  - КЖ/ТҚҚ туралы заңға сәйкес уәкілетті мемлекеттік орган жасаған терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбелерінде (бұдан әрі – Тізбелер) Пайдаланушы туралы мәліметтер болса;
  - егер операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы/қатысушысы халықаралық ұйым немесе шет мемлекет айқындаған ақшаны жылыстату мен терроризмді қаржыландырудың елеулі тәуекелдері бар елде тіркелген/Тізбелерге енгізілген тұлға болып табылса немесе бұл операцияны/мәмілені орындауға осындай тұлға қатысса;
  - Тізбелерде Пайдаланушы туралы мәліметтер бар болса;
  - егер операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы/қатысушысы халықаралық ұйым немесе шет мемлекет айқындаған ақшаны жылыстату мен терроризмді

қаржыландырудың елеулі тәуекелдері бар елде тіркелген/тұратын тұлға болып табылса немесе бұл операцияны/мәмілені орындауға осындай тұлға қатысса;

- егер Пайдаланушы жүргізетін операцияларды зерделеу барысында олардың қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында жүзеге асырылады деген күдік туындаса;

- Пайдаланушы Пайдаланушыны тиісті тексеру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсынудан, сондай-ақ клиенттің деректерін/дербес деректерін жинауға, өңдеуге және FATCA талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ-тың Салық қызметіне (Internal Revenue Service) беруге келісім беруден бас тартқан жағдайда, бұған Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес мұндай жабуға жол берілмейтін жағдайлар қосылмайды.

3) Пайдаланушының Келісімге қол қою арқылы ұсынған Банкте ашылған оның ағымдағы шотынан (шоттарынан) ақшаны есептен шығаруға алдын ала келісімі негізінде Келісім бойынша Банк көрсеткен электрондық банк қызметтері үшін Пайдаланушы төлеуі тиіс Тарифтер мөлшеріндегі ақша сомасын Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген тәсілмен алуға;

4) Пайдаланушының банктік шоттарында, сонымен қатар екінші деңгейдегі банктерде ашылған төлем карточкасын пайдалана отырып, Банк тарифтеріне сәйкес комиссияларды төлеу үшін жеткілікті қаражаты болмаған кезінде қызметтерді көрсетуден бас тартуға;

5) өзі, біржақты тәртіпте Онлайн-платформаны және/немесе Мобильді интернет-банкінгіні пайдалану тәртібін және электрондық банк қызметтерін ұсыну талаптарын реттейтін Банктің тарифтеріне/лимиттеріне және басқа да құжаттарына өзгерістерді Банктің филиалдарындағы/бөлімшелеріндегі жалпыға қолжетімді орындарда және Банктің <https://business.forte.kz//> ресми сайтында орналастыру арқылы енгізуге, бұған мұндай өзгертуді біржақты тәртіпте жүргізуге жол берілмейтін, заңнамада тікелей белгіленген жағдайлар қосылмайды.

Келісімге, сонымен қатар Онлайн платформаны және/немесе Мобильді интернет - банкінгіні пайдалану тәртібін және электрондық банк қызметтерін ұсыну талаптарын реттейтін Банктің тарифтеріне/лимиттеріне және өзге құжаттарына өзгерістер/толықтырулар енгізу туралы ақпарат жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң, осы тармақта белгіленген тәртіпте мұндай өзгерістер/толықтырулар күшіне енеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында біржақты өзгертуге тыйым салынатын талаптарды қоспағанда, электрондық банк қызметтерін пайдалану тәртібі мен ұсыну талаптарын реттейтін Банктің тарифтерін /лимиттерін және өзге құжаттарын қоса алғанда, Келісімге өзгерістерді/толықтыруларды, бұл туралы Пайдаланушыны мұндай өзгерістер/толықтырулардың (оның ішінде жаңа редакцияда) күшіне енуіне дейін 10 (он) күнтізбелік күн қалғанда Банк филиалдарының операциялық залдарында, Банктің <https://business.forte.kz//> ресми сайтында орналастыру арқылы алдын ала хабардар ете отырып, Пайдаланушының үнсіздікпен білдірген еркі негізінде енгізуге. Пайдаланушының Банктің осы тармаққа сәйкес өзгерістерді/толықтыруларды енгізу туралы хабарламаны жариялаған сәтінен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде көрсетілген құжаттарға өзгерістерді/толықтыруларды қабылдамау туралы жазбаша өтінішті ұсынбауы оның ерік білдіруінің көрінісі болып табылады және Пайдаланушының осындай өзгерістермен/толықтырулармен келісетінін білдіреді;

7) Онлайн-платформада және/немесе Мобильді интернет-банкінгіде интерфейс пен техникалық баптауларға өзгерістер енгізуге.

### 3.3. Пайдаланушы міндетті:

1) Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет-банкінг арқылы операциялар жүргізу үшін Пайдаланушының нақты (шынайы) деректерін көрсетуге;

2) Пайдаланушының енгізілген деректерінің дұрыстығын өзі тексеруге;

3) Онлайн-платформада және/немесе Мобильді интернет-банкінгіде жеке сәйкестендіру/авторизация жүргізу/аутентификациялау/верификациялау параметрлері туралы ақпаратты жария етпеуге/үшінші тұлғаларға бермеуге, сондай-ақ Мобильді интернет-банкінгіне рұқсатсыз кіруді болдырмау мақсатында мобильді/өзге құрылғыға үшінші тұлғалардың FaceID/TouchID-ін орнатпауға;

4) Банкке банк шотын жүргізгені үшін, сондай-ақ өзге де банктік қызметтер көрсеткені үшін Банк филиалдарының операциялық залдарында және <https://business.forte.kz//> ресми сайтында орналастырылған банк шоты бойынша тиісті операция жүргізілген кезде қолданыста болған Банктің тарифтеріне сәйкес комиссия төлеуге;

5) Банк белгілеген Онлайн-платформада және/немесе Мобильді интернет-банкінгіде сәйкестендіру/авторизация жүргізу/аутентификациялау/верификациялаудың барлық қажетті рәсімдерін жүзеге асыруға;

- 6) Онлайн-платформаны және/немесе Мобильді интернет-банкингіні Келісімнің талаптарына толығымен сәйкестікте пайдалануды жүзеге асыруға;
- 7) төлем/ақша аударымын жүргізу қажет болғанда төлем/аударым жасау және Банктің тарифтеріне сәйкес комиссиялық сыйақыны төлеу үшін жеткілікті ақша сомасын қамтамасыз етуге;
- 8) Банктің Қауіпсіздік рәсімдерінің талаптарын сақтауға;
- 9) Банкке операцияларды жүргізу үшін қажетті құжаттарды, сондай-ақ Банктің валюталық бақылауды жүзеге асыру, Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында, сондай-ақ Пайдаланушының деректерін/дербес деректерін жинауды, өңдеуді және FATCA талаптарына сәйкес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ-тың Салық Қызметіне (Internal Revenue Service) беруді жүзеге асыру үшін сұрататын құжаттарын ұсынуға міндетті. FATCA талаптарына сәйкес Банкке ұсынылған ақпарат өзгерген жағдайда (оның ішінде Пайдаланушы АҚШ азаматы және салық төлеушісі болып табылмаса, бір жыл ішінде АҚШ-қа бармаса, тұруға ықтиярхаты, пошталық мекенжайы, АҚШ-та тіркелген телефон нөмірі болмаса, АҚШ аумағында тұратын жеке тұлғаға операциялар жүргізу құқығын беретін сенімхат бермесе), Пайдаланушы Банкке өзі хабарлауға міндеттенеді;
- 10) мерзімдік негізде Келісімге, Банк тарифтеріне енгізілетін өзгерістер/толықтырулар мониторингін олармен Банктің <https://business.forte.kz/> сайтында танысу арқылы жүзеге асыруға;
- 11) төлем жүргізу кезінде интернет желісіне қол жеткізу үшін пайдаланылатын бағдарламалық жасақтама мен компьютерлердің немесе басқа да құрылғылардың тиісінше қорғалуын қамтамасыз етуге;
- 12) Онлайн-платформаға және/немесе Мобильді интернет-банкингіне кіруді жүзеге асыру кезінде және Банктің электрондық банк қызметтерін ұсынуы кезінде пайдаланылатын Сәйкестендіру құралдарын үшінші тұлғаларға бермеуге;
- 13) Онлайн-платформаға және/немесе Мобильді интернет-банкингіне кіруді жүзеге асыру кезінде және электрондық банк қызметтерін алу кезінде Пайдаланушының Сәйкестендіру құралдарының сақталуын және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті. Электрондық банк қызметтерін алу кезінде Сәйкестендіру құралдарының көмегімен қол қойылған құжаттар үшін жауапкершілік көтеруге;
- 14) Сәйкестендіру құралдары жоғалған/ұрланған жағдайда бұл туралы Банкке дереу, бірақ Сәйкестендіру құралдарының жоғалғаны/немесе жария етілгені анықталған кезден бастап бір сағаттан кешіктірмей хабарлауға;
- 15) Егер Пайдаланушының уәкілетті тұлғаларының өкілеттіктері тоқтатылса немесе болмаса, онда олардың операцияларды жүргізбеуіне/қызметтерді алмауына (мұны дереу тоқтатуға және Банкке тиісті құжаттарды ұсына отырып, дереу жазбаша хабардар етуге);
- 16) өзіне де, оның өкіліне де, бенефициар меншік иесіне де немесе басқару, меншік құрылымындағы басқа қатысушыларға да, сондай-ақ онымен бір тұлғалар тобына кіретін тұлғаларға да, контрагенттерге де қандай да бір шектеулер немесе санкциялық сипаттағы шаралар қолданылмайтынын және әрекеті жоғарыда аталған тұлғаларға, сондай-ақ Банкке қолданылатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес қандайда бір санкциялық тізімдерде (бұдан әрі – Санкциялар) жоқ екенін растауға;
- 17) егер Келісімнің қолданылу мерзімінің белгілі бір кезеңінде оған Санкциялардың қолданылғаны/ықпалы туралы белгілі болса, бұл туралы Банкке дереу, бірақ ол туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде хабарлауға міндетті. Санкция қолданылған/ықпал еткен жағдайда, сондай-ақ Пайдаланушы Банкке Санкция қолданылғаны/ықпалы туралы хабарлау міндетін бұзған жағдайда, Банк онымен іскерлік қатынастарды тоқтатуға, Келісімде көзделген тәртіпте кез келген операцияны жүргізуден бас тартуға құқылы;
- 18) Санкцияларды айналып өтуге бағытталған нұсқауларды жібермеуге немесе операцияларды жүргізбеуге. Егер осы Келісім бойынша қандай да бір нұсқау немесе операция, Банктің қарауы бойынша, Санкцияларды айналып өтуге бағытталған болса, онда Банк өзі үшін жағымсыз салдарсыз мұндай нұсқауды/операцияны орындаудан/жүргізуден бас тартуға құқылы. Санкцияны айналып өту санкцияланған тауарларды жеткізу, төлемдерді жүргізу немесе Санкцияны бұза отырып қаржыландыруды алу үшін делдалдық құрылымдарды құру және т.б. білдіреді.

#### **3.4. Пайдаланушы құқылы:**

- 1) Электрондық банк қызметтерін осы Келісімде қарастырылған тәртіпте қолдануға;
- 2) Банктен Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет-банкинг арқылы электрондық банк қызметтерін алу мәселесі бойынша ақпарат және кеңес алуға;
- 3) Банктен осы Келісім бойынша міндеттемелерін тиісті түрде орындауын талап етуге.

#### **3.5. Пайдаланушы төмендегімен келіседі және оны растайды:**

- 1) Банктің электрондық цифрлық қолтаңбаны өтініштерге, банктік қарыз туралы шарттарға, өтеу кестелеріне, ақша аудару операцияларына және т. б. қол қою кезінде пайдалануымен келіседі.

#### 4. Электрондық банк қызметтерін ұсыну тәртібі мен талаптары

- 4.1. Пайдаланушы Келісімде белгіленген тәртіпте, Банк қызметтерін қашықтан пайдалану құқығын Келісім талаптарын қабылдағаны туралы келісімді бекіткеннен кейін және Онлайн-платформада және/немесе Мобильді интернет-банкінгінде сәйкестендіру рәсімін өткеннен кейін алады.
- 4.2. Онлайн-платформада және/немесе Мобильді интернет-банкінгінде авторизациядан өте отырып, Пайдаланушы Банкке қызметтерді көрсетуі, банктік қызмет көрсету шарты бойынша құқықтарды іске асыруы және міндеттерді орындауы үшін оның дербес деректерін жинауға және өңдеуге өз келісімін береді.
- 4.3. Пайдаланушы Онлайн-платформада және/немесе Мобильді интернет-банкінгінде авторизация жүргізуді және электрондық банк қызметтерін алуды Келісімде көзделген тәртіпте өзі жүзеге асырады.
- 4.4. Банктің Онлайн-платформасы және Мобильді интернет-банкінгі Пайдаланушы үшін тәулік бойы қолжетімді. Техникалық мүмкіндік болған жағдайда Банк Пайдаланушыға Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет-банкінг арқылы электрондық банк қызметтерін ұсынады. Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет-банкінг арқылы электрондық банк қызметтерін алуға байланысты сұрақтарыңыз бойынша Банктің <https://business.forte.kz/> ресми сайтында көрсетілген тәулік бойы қолдау көрсету қызметінің телефондарына хабарласу қажет.
- 4.5. Электрондық банк қызметтерін алу үшін мынадай талаптар болуы қажет:
  - 1) Онлайн-платформа үшін:
    - Онлайн-платформаға кіру рұқсаты (Банктің [https://mybpm.bpm.fortebank.com/login/cert?returnUrl=%2Fhome%2Fmain%2Fprocess%2Fstart%3Fkey%3Dopen\\_account\\_site%26external%3Dtrue](https://mybpm.bpm.fortebank.com/login/cert?returnUrl=%2Fhome%2Fmain%2Fprocess%2Fstart%3Fkey%3Dopen_account_site%26external%3Dtrue) web-ресурсына қосылу арқылы);
    - Банктің техникалық мүмкіндігінің болуы;
    - Онлайн-платформа үшін қолданыстағы ЭЦҚ болуы.
  - 2) Мобильді интернет-банкінг үшін:
    - iOS немесе Android операциялық жүйесі бар, мобильді қосымшаны қолдайтын мобильді телефонның, сондай-ақ мобильді телефонның тіркелген нөмірінің немесе өзге құрылғының болуы;
    - интернетке қолжетімділіктің болуы;
    - Банк қосымшасына кіру мүмкіндігі;
    - қолданыстағы ЭЦҚ болуы;
    - Банктің техникалық мүмкіндігінің болуы.
- 4.6. Онлайн-платформада/Мобильді интернет - банкінгінде кез келген операцияны орындау операцияны растау үшін Пайдаланушыны сәйкестендірген және аутентификациялаған, сондай-ақ Банк белгілеген Қауіпсіздік рәсіміне сәйкес шарттарға қол қойылған жағдайда ғана мүмкін болады.
- 4.7. Пайдаланушының Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет - банкінг арқылы электронды түрде Банкке жіберетін нұсқаулықтары/құжаттары Пайдаланушыны аутентификациялау және сәйкестендірудің оң нәтижелерінен соң Пайдаланушы атынан жіберілген болып саналады және Пайдаланушының өз қолымен қол қойылған қағаз түріндегі құжатқа тең деп танылады. Аталған құжаттар Банктің Пайдаланушы атынан операциялар жүргізуге және басқа әрекеттер орындауына негіздеме болып табылады.
- 4.8. Пайдаланушы мен Банк осы Келісімге сәйкес Пайдаланушы Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет - банкінг арқылы жіберетін және Банк алатын құжаттарынан/нұсқауларынан туындайтын барлық міндеттемені толық көлемде өз мойнына алуға міндеттенеді.
- 4.9. Пайдаланушыны аутентификациялау және сәйкестендірудің оң нәтижелерінен соң Банк Пайдаланушыға Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет - банкінг арқылы электронды түрде Пайдаланушы нұсқауларын жібергендігі/алғандығы туралы растаманы береді.
- 4.10. Пайдаланушының Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет - банкінг арқылы операция жүргізу туралы тапсырмасын алған жағдайда Банк Пайдаланушы тапсырмасын берілген күні Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте орындайды.
- 4.11. Банк электрондық банк қызметтерін көрсету кезінде қалыптастырған құжаттар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге мерзімдер көзделмесе, электрондық түрде кемінде 5 (бес) жыл сақталады.
- 4.12. Банк Пайдаланушыға жасалған операциялар туралы хабарламаны Онлайн-платформа және/немесе

Мобильді интернет - банкинг арқылы электронды түрде ұсынады.

- 4.13. Пайдаланушы Банктің Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет - банкинг арқылы алған Пайдаланушының нұсқауларын орындауын өзі қадағалауға міндетті.
- 4.14. Келісімнің әрекет ету мерзімі ішінде Банк ұсынатын электрондық банк қызметтерін көрсетудің ең ұзақ мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімдерге сәйкес келеді.
- 4.15. Банк Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет - банкинг арқылы жүргізілген операцияларды даулау бойынша шағымдарды Қазақстан Республикасының заңнамасында және халықаралық төлем жүйелерінің қағидаларында көзделген тәртіпте қабылдайды.
- 4.16. Кредитке өтінім берген кезде, банктік қарыз туралы шартқа/кредит желісін ұсыну туралы келісімге қол қойылғанға дейін Пайдаланушыға банктік қарыздар/кредит желісі бойынша мынадай ақпарат беріледі: банктік қарызды/кредит желісін беру мерзімі; банктік қарыздың шекті сомасы және валютасы; сыйақы мөлшерлемесінің түрі: тіркелген немесе өзгермелі, процентпен жылдық сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері және оның жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі мөлшері; Банктің пайдасына банктік қарызды алуға және оған қызмет көрсетуге (өтеуге) байланысты комиссиялардың, Тарифтердің және өзге шығыстардың тізбесі мен мөлшері; банктік қарыз туралы шарт/кредит желісін ұсыну туралы келісім бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда Пайдаланушының көтеретін жауапкершілігі мен тәуекелдері. Егер Пайдаланушы электрондық банк қызметтерін ұсыну талаптарымен келіссе, ЭЦҚ көмегімен барлық құжатқа қол қояды.
- 4.17. Осы арқылы Пайдаланушы өзінің уәкілетті тұлғаларының тиісті түрде және бүкіл қолданылу мерзімі бойы Пайдаланушының банктік шоты бойынша тиісті операцияларды жүзеге асыруға өкілетті болатынына кепілдік береді және куәландырады.

## **5. Қауіпсіздік рәсімдері**

- 5.1. Банк электронды байланыс арналары арқылы берілетін ақпараттың қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін технологияларды пайдаланады.
- 5.2. Пайдаланушыны Онлайн-платформада сәйкестендіру Пайдаланушы кілтінің ЭЦҚ дұрыс көрсетілуін тексеру арқылы жүргізіледі.
- 5.3. Пайдаланушыны Мобильді интернет-банкингіне кірген кезінде Мобильді интернет-банкингінде бастапқы сәйкестендіру (тіркеу) мынадай тәсілдермен жүргізіледі:
  - 1) верификация, жеке сәйкестендіру нөмірін енгізу, биометриялық сәйкестендіру (телефон нөмірі бойынша тіркелген жағдайда) немесе ЭЦҚ және верификация (ЭЦҚ арқылы тіркелгенде) (жеке кәсіпкерлер, шаруа (фермерлік) қожалықтары, жеке нотариустер, жеке сот орындаушылары, адвокаттар, кәсіби медиаторлар үшін);
  - 2) верификация, бизнес сәйкестендіру нөмірін енгізу (тек телефон нөмірі бойынша тіркелу опциясын таңдаған жағдайда), ЭЦҚ (заңды тұлғалардың өкілдері үшін).Мобильді интернет-банкингінде бастапқы сәйкестендіруден (тіркеуден) өту кезінде Пайдаланушы құпиясөз белгілеуі қажет, ал логин ретінде оның мобильді телефон нөмірі қолданылады. Одан басқа, Пайдаланушыға жылдам кіру үшін FaceID, TouchID, ДСН-кодын орнату ұсынылады. Мобильді интернет-банкингіне кейіннен кіру Пайдаланушының логині мен құпиясөзін енгізуі, сондай-ақ SMS кодын не FaceID/TouchID/ДСН кодын қолдану арқылы жүзеге асырылады. FaceID/TouchID/Жылдам кіруге арналған ДСН-кодды орнату кезінде Мобильді интернет-банкинг Пайдаланушы енгізген логин мен құпиясөзді есте сақтайды және FaceID/TouchID/ жылдам кіруге арналған ДСН-кодды пайдаланған сайын Мобильді интернет-банкингіне кіру үшін құпиясөз автоматты түрде енгізіледі. Келісімге қосыла отырып, Пайдаланушы Мобильді интернет-банкингіне кірудің аталмыш тәсілімен келіседі.

Пайдаланушының уәкілетті тұлғасын Мобильді интернет-банкингінде бастапқы сәйкестендіру (тіркеу) заңды тұлғаның бірінші басшысы, жеке кәсіпкер, шаруа (фермерлік) қожалықтың басшысы, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор алғашқы сәйкестендіруден (тіркеуден) өткеннен кейін жүргізіледі.
- 5.4. Онлайн-платформада аутентификация жасау үшін Пайдаланушының ЭЦҚ-ы қолданылады, Мобильді интернет-банкингінде SMS-код, «ForteOTP» мобильді OTP токен шығаратын бір реттік (біржолғы) сәйкестендіру коды және Пайдаланушының ЭЦҚ қолданылады.
- 5.5. Даулы жағдайларды қарау және талдау үшін деректерге қол жеткізу Пайдаланушы мен Банк жіберген/қабылдаған барлық құжаттың архивін жүргізу мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі.
- 5.6. Пайдаланушылардың жүйедегі барлық әрекеті Банктің электронды журналына жазылады.
- 5.7. Онлайн-платформаға рұқсатсыз кіруден қорғауды қамтамасыз ету үшін Банк Пайдаланушының логині, құпиясөзі, ЭЦҚ, SMS-коды, «ForteOTP» мобильді OTP токен шығаратын бір реттік (біржолғы) сәйкестендіру кодының дұрыс көрсетілуін автоматты тексеруді қолданады.
- 5.8. Пайдаланушының Банктің Байланыс орталығына хабарласу арқылы Онлайн-платформаға және/немесе



Мобильді интернет-банкингіне кіруді бұғаттауына мүмкіндігі бар.

- 5.9. Банк санкцияланбаған төлемдерден қорғану деңгейін арттыру, алаяқтық іс-әрекеттерді болдырмау, құпия ақпараттың жария етілуіне немесе өзге құқыққа қарсы іс-әрекеттерге жол бермеу мақсатында Пайдаланушы жүргізетін және қызмет көрсету үшін қажетті операциялардың түпнұсқалығын, дұрыстығын, анықтығын тексеру үшін қосымша шарттарды, талаптарды қарастыруы мүмкін.

## **6. Құпиялылық**

- 6.1. Банк Пайдаланушының банктік құпиясын, заңмен қорғалатын өзге де құпиясын құрайтын құпия ақпаратқа, сонымен қатар дербес деректерге үшінші тұлғалардың рұқсатсыз өтуін болдырмау үшін шаралар қолдануға міндеттенеді. Мұндай сипаттағы кез келген ақпарат тек Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ғана үшінші тұлғаларға беріледі.
- 6.2. Тараптар Келісім бойынша алған барлық ақпарат құпия болып табылатындығымен және оны алдын ала екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз қандай да бір жолмен үшінші тұлғаларға жариялауға болмайтындығымен келіседі.  
Осы тармақта белгіленген тыйым салу мұндай ақпаратты беру немесе жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осыған уәкілеттік берілген тұлғалардың және (немесе) органдардың талаптарымен негізделген жағдайларға қолданылмайды.

## **7. Еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдайлары**

- 7.1. Егер міндеттемелерді орындамау немесе тиісті түрде орындамау еңсерілмейтін күш салдарынан (форс-мажор) болса, Тараптар Келісім бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.
- 7.2. Еңсерілмейтін күш жағдайлары ретінде Тараптар Келісімге қол қойғаннан кейін келесідей төтенше сипаттағы күтпеген және бұлтартпас оқиғалар салдарынан туындаған оқиғалар танылады: соғыс және соғыс қимылдары, табиғи апаттар және ресми түрде солай деп танылған аудандарда жүріп жатқан өзге апаттар, Қазақстан Республикасының заң шығарушы және/немесе атқарушы органдарының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің осы Келісім мәніне тікелей қатысты қызметтерге тыйым салатын немесе шектейтін әрекеттері, олардың салдарынан Келісім бойынша міндеттемелерді уақытында орындау мүмкін емес, Онлайн-платформа, Мобильді интернет-банкинг жұмысында іркілістер мен қателер, жұмысқа жарамсыздық, Онлайн-платформа мен Мобильді интернет-банкинг жұмысын қамтамасыз ететін байланыс желісінің ақауы пайда болады. Тараптар өз міндеттемелерін тиісінше орындау үшін жағдайды тез арада қалпына келтіру үшін қолдарынан келетін барлық күш-жігерді жұмсауға міндеттенеді.
- 7.3. Тараптар еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде, егер Келісімде өзгеше көзделмесе, бұл туралы бір-біріне аталған еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезден бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде хабарлауға міндеттенеді.
- 7.4. Банк Келісімнің 7.2. т. көрсетілген жағдаяттар салдарынан Келісім бойынша міндеттемелерді орындау мүмкін болмаған жағдайда, Пайдаланушыға тез арада (Пайдаланушының телефонына SMS-хабарлама/Push-хабарлама жіберу немесе <https://business.forte.kz/> адресі бойынша Банктің ресми сайтында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы) хабарлауы тиіс.
- 7.5. Келісімнің осы бөлімінде қарастырылған жағдайларда Келісім бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі мұндай жағдаяттар және олардың салдары әрекет ететін мерзімге жылжытылады.

## **8. Тараптардың жауапкершілігі**

- 8.1. Тараптар осы Келісім бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Келісімнің талаптарына сәйкес, ал осы Келісімде қарастырылмаған жағдайларда - Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленгендерге сәйкес жауапкершілік көтереді.
- 8.2. Тараптар осы Келісім бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін Тараптың кінәсі болғанда және тек нақты залал мөлшерінде ғана өзара жауапкершілік көтереді.
- 8.3. Үшінші тұлғалардың Онлайн-платформаға және/немесе Мобильді интернет-банкингіне рұқсатсыз кіруі салдарынан туындаған залал үшін жауапкершілік кінәлі Тарапқа жүктеледі.
- 8.4. Үшінші тұлғалар тарапынан Пайдаланушының сәйкестендіру құралдарын рұқсатсыз пайдалану салдарынан туындаған залал Банктің кінәсінен болмаса, онда ол үшін Банк жауапкершілік көтермейді.
- 8.5. Егер Пайдаланушының электрондық банк қызметтерін алуына байланысты ақпарат Банктің шегінен тыс орналасқан байланыс арналары арқылы беру кезінде ақпаратқа қол жеткізу нәтижесінде Пайдаланушының қызметтерді алуы кезінде үшінші тұлғаларға белгілі болған жағдайда, Банк ол үшін жауапкершілік көтермейді.

- 8.6. Банк осы Келісімнің 3.1. т. 1) т-шасын тиісті түрде орындаған жағдайда, Банк Пайдаланушының банктік шотынан жасалған рұқсатсыз төлемдер үшін жауапкершілік көтермейді.
- 8.7. Пайдаланушы Келісім жасасу арқылы әрекеті Пайдаланушыға және оның операцияларына қолданылатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес шет мемлекеттердің заңнамасында белгіленген шектеулер мен тыйымдарға және санкцияларға байланысты туындауы мүмкін барлық тәуекел мен салдарды (сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей операцияның түріне, Пайдаланушының тіркелген және (немесе) орналасқан еліне байланысты) өзіне қабылдайды. Банк бұл тәуекелдер мен салдарлар үшін жауапкершілік көтермейді.
- 8.8. Пайдаланушы Банктің талабы бойынша Келісімнің 11.9-тармағын бұзған әрбір жағдай үшін 200 АЕК мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

## **9. Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет-банкинг жұмысын тоқтата тұру**

- 9.1. Банк төмендегі жағдайларда электрондық банк қызметтерін көрсетуді тоқтата тұру, тоқтату негіздеріне қарай, Пайдаланушыға банктің ресми сайты және (немесе) басқа коммуникация арналары арқылы дереу, бірақ 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлай отырып, Пайдаланушыға электрондық банк қызметтерін көрсетуді тоқтата тұрады немесе тоқтатады:
  - 1) Пайдаланушы Келісімде қарастырылған электрондық банк қызметтерін алу тәртібі мен талаптарын бұзғанда;
  - 2) электрондық банк қызметтерін көрсетуді қамтамасыз ететін техникалық құралдардың ақауы болғанда;
  - 3) Банктің қауіпсіздік рәсімдерінде қарастырылған жағдайларда;
  - 4) Келісімде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа негіздер бойынша жүргізіледі.

## **10. Дауларды шешу тәртібі**

- 10.1. Даулы жағдай туындағанда Пайдаланушы Банктің байланыс орталығына 8 705 921 75 75 телефон нөмірі бойынша қоңырау шалуға құқылы. Билайн абоненттері үшін қоңырау шалу тегін (басқа мобильді байланыс операторлары үшін оператордың тарифтеріне сәйкес) немесе 555-75 (Қазақстан бойынша мобильді телефондардан қоңырау шалу тегін) телефон нөмірі арқылы (ауызша өтініш) мекенжайын, телефон нөмірін, келіспеушілік жағдайының және басқа да ақпараттың мазмұнын айтып хабарласуына немесе жазбаша түрде кінәрат-талабын/хабарламасын/өтінішін Келісімде көрсетілген мекенжайға жолдауға құқылы. Банк Пайдаланушының өтінішін Банктің ішкі құжаттарында, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қарайды.
- 10.2. Тараптар Келісімді іске асыру барысында Банк пен Пайдаланушы арасында туындауы мүмкін келіспеушіліктер мен дауларды өз еркімен және өзара келісім арқылы шешу үшін барлық қажетті шараны қолданады.
- 10.3. Банк пен Пайдаланушы арасындағы келіспеушіліктер мен даулар өзара келіссөздер барысында реттелмеген жағдайда, олар Қазақстан Республикасының сот органдарының қарауына берілуі мүмкін.
- 10.4. Тараптар осы Келісімде қарастырылмаған басқадай барлық жағдайда Қазақстан Республикасы заңнамасын басшылыққа алады.

## **11. Басқа талаптар**

- 11.1. Банктің Келісімнің қолданысы тоқтатылатын болжамды күнінен кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Банктің <https://business.forte.kz/> ресми сайтында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру немесе Пайдаланушыға Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет-банкинг арқылы ондағы қалқымалы терезенің көмегімен тиісті хабарлама немесе SMS-хабарлама/ Push-хабарлама жіберу арқылы Келісімнен соттан тыс біржақты тәртіппен бас тартуына құқығы бар.
- 11.2. Пайдаланушы Келісімді бекіте отырып, Банктің Пайдаланушы Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет-банкинг арқылы және Келісімде белгіленген талаптарды сақтай отырып жіберген құжаттарды/нұсқауларды алуы заңды түрде құжаттарды қағаз түрінде алғанмен тең және олар бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес мәміленің жазбаша нысаны сақталғандығын мойындайды және келіседі.
- 11.3. Пайдаланушы Банкке оның осы Келісімде көрсетілген тәртіпте және талаптарда дайындалған және жіберілген құжаттарды/нұсқауларды қағаз жеткізгіштегі құжаттармен/нұсқаулармен тең дәрежеде қолдану құқығын береді. Бұл ретте Пайдаланушы Банкке орындау үшін жіберілген бұндай құжаттардың/нұсқаулардың мазмұны үшін және осындай құжаттардан туындаған құқықтық салдар үшін толық жауапкершілік көтереді.
- 11.4. Пайдаланушы Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы үшін мыналарға өз келісімін

береді:

*Пайдаланушы – жеке тұлға болғанда:*

- Банктің forte.kz ресми сайтында орналастырылған жеке және басқа да деректерді жинауға және өңдеуге Келісім нысанына сәйкес Пайдаланушының деректерін/жеке деректерін жинау, өңдеу үшін және оның оқығанын, түсінгенін растайды. және мазмұнын қабылдайды, сондай-ақ онда көрсетілген өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу тәртібімен келіседі.

*Пайдаланушы – заңды тұлға болғанда:*

- заңнама талаптарына және/немесе келесі тұлғалармен жасалған келісімдерге сәйкес, аталған тұлғалардың міндеттері немесе құқықтары болған жағдайда, не мұндай міндеттер мен құқықтар өзге де негіздер бойынша туындаған кезде, Пайдаланушы туралы ақпаратты/Пайдаланушының деректерін үшінші тұлғаларға/үшінші тұлғалардан, оның ішінде: уәкілетті мемлекеттік органдарға; заңды мемлекеттік тұлғаларды, ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық компанияларды қоса алғанда, заңды тұлғаларға; кредиттік бюроларға; зейнетақы қорына; мемлекеттік дерекқор операторлары/иелеріне; курьерлік компанияларға; ұялы байланыс операторларына; Банкке ақпараттық-технологиялық қолдау бойынша қызмет көрсететін немесе Банкпен цифрлық және ақпараттық технологиялар қызметі саласында өзге де мәмілелері бар тұлғаларға; шетелдік корреспондент-банктерге; FATCA талаптарына сәйкес АҚШ Салық қызметіне (Internal Revenue Service), оның ішінде автоматтандыру құралдарын, ақпараттық жүйелерді, интернет-ресурстарды, түрлі сервистерді және жоғарыда аталған үшінші тұлғалардың бағдарламалық жасақтамаларын пайдалана отырып, беруге/алуға;

- мемлекеттік дерекқор (МД), Сәйкестендіру деректерін өңдеу орталығы (СДӨО), сондай-ақ ресми және заңды дереккөздер (Қазақстан Республикасының Электронды үкімет порталы/Электронды лицензиялау, уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сайттары және басқа ресми дереккөздер) иелерінің Пайдаланушының деректерін, сонымен қатар МД-дан МД иелерінен/операторларынан алынған деректерді Банкке, кредит бюроларына және өзге ұйымдарға/мекемелерге тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша қызметті Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүзеге асыратын заңды тұлғаға қолда бар және болашақта келіп түсетін Пайдаланушының деректерін Кредиттік бюро мен Банкке тікелей немесе үшінші тұлғалар (Кредиттік бюроларды қоса алғанда немесе кредиттік бюролар арқылы) арқылы беруге;

- Банктің өнімдері/қызметтері бойынша ұсыныстарды дайындау мақсатында Банктің барлық заңды көздерден Пайдаланушы туралы құпия ақпаратты пайдалана отырып алдын ала талдау жүргізуіне;

- мәліметтерді және (немесе) құжаттарды мемлекеттік кірістер органына ұсынуға, сонымен қатар мемлекеттік кірістер органы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында күнтізбелік ай ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарында көзделген белгіленген шекті мөлшерлерден жоғары қолма-қол ақшаны алу туралы мәліметтермен және (немесе) құжаттармен алмасуды жүзеге асыру мақсатында ұсынуға;

- Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте коммерциялық, банктік және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпаратты мынадай жағдайларда ашуына:

а) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда;

б) Банк қызметкерлеріне;

в) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және негіздер бойынша Банк қызметін тексеруді жүзеге асыратын тұлғаларға;

г) контрагентке(-терге) және өзге тұлғаларға, Банк осындай тұлғамен(-лармен) мәні аталған тұлғалардың Банктен алынған/алынатын ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеу туралы міндеттемелерді қабылдауы болып табылатын Келісім(-дер) жасасқан жағдайда;

Коммерциялық, банктік немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттың құпиялылығы Пайдаланушының кінәсынан бұзылған немесе құпия ақпарат үшінші тұлғаларға басқа ақпарат көздерінен белгілі болған жағдайда, Банк жауапкершілік көтермейді.

- «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ (бұдан әрі - Кредиттік бюро): - (а) «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-дан, МД-дан МД операторларынан/иелерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғадан Пайдаланушы туралы ақпарат алуға, - (б) осы тармақтың а) тармақшасына сәйкес алынған Пайдаланушы туралы ақпаратты Банкке беруге;

- «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ, МДҚ иелерінің/операторларының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның Пайдаланушы туралы ақпаратты Кредиттік бюроға және Кредиттік бюро арқылы Банкке беруіне;

- кредиттік бюроларға болашақта келіп түсетін және/немесе соңғы ақпарат соңғы ақпаратты алған күннен бастап бес жыл бұрын алынған деректерді қоса алғанда, кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті беруге,

сондай-ақ басқа қызметтерді көрсетуге.

- 11.5. Осы арқылы Пайдаланушы шарттар, шарттарға қосымша келісімдер бойынша, сондай-ақ заңнамаға және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес осындай дербес деректерді жинау, өңдеу қажеттілігі туындаған өзге де жағдайларда Пайдаланушы Банкке берген және болашақта беретін Дербес деректер субъектілерінің<sup>1</sup> дербес деректеріне қатысты Пайдаланушы дербес деректер субъектілерінен дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, сонымен қатар Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне, Банктің дербес деректерді трансшекаралық беруіне Банктің forte.kz ресми сайтында орналастырылған Дербес және өзге де деректерді жинау және өңдеу туралы келісімнің нысаны бойынша тиісті (толық және сөзсіз) келісімді алдын ала алғанын растайды.
- 11.6. Банктің талабы бойынша Пайдаланушы Банкке Дербес деректер субъектілерінен Пайдаланушы жинаған дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға беруге, сонымен қатар Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне, Банктің дербес деректерді трансшекаралық беруіне, Банктің дербес деректерді жалпыға қолжетімді ақпарат көздерінде таратуына келісімдерінің болуы туралы құжаттамалық растаманы ұсынады, ал келісімдердің болуын құжатпен растау мүмкін болмаған кезде мұндай келісімдерді жинайды, содан кейін Банкке оларды алғанын растайды.
- 11.7. Дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, сонымен қатар Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне келісімдердің болмағаны үшін жауапкершілік Пайдаланушыға жүктеледі. Дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін Банкке қандай да бір шаралар қолданылған жағдайда, Пайдаланушы Банктің талап етуі бойынша Банкке келтірілген кез келген шығын мен залалды өтеуге міндеттенеді.
- 11.10. Пайдаланушы Келісімді бекіте отырып, Банктің жазып алатын құрылғы арқылы жүргізген Пайдаланушының Банк қызметкерімен телефон арқылы сөйлесуінің жазбасы Пайдаланушыдан келіп түскен ауызша хабарлама/өтініш мазмұнының жеткілікті дәлелі болып табылатынына сөзсіз келіседі.

### Банктің деректемелері

<p><b>Мекенжайы:</b> Z05P1P0/010017, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Достық көшесі, 8/1</p> <p><b>Телефон:</b> +7 (717) 258-40-40</p> <p><b>Факс:</b> +7 (717) 259 67 87</p> <p><b>e-mail</b> <a href="mailto:info@fortebank.com">info@fortebank.com</a></p> <p><b>БСК</b> IRTYKZKA</p> <p><b>БСН</b> 990740000683</p>
---

**Онлайн платформада ЭЦҚ көмегімен/ Мобильді қосымшада ЭЦҚ-мен және/немесе SMS-кодпен қол қойылғаннан кейінгі Пайдаланушының деректемелері**

<sup>1</sup> Дербес деректердің иесі болып табылатын жеке тұлға (өкілі, қызметкері, қатысушы/акционер, бенефициарлық меншік иесі, басқа жеке тұлға)